

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Геометриялық пішіндер

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.11.2021

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/110001/>

Сегизбаева Алмаш Байтелгиевна

Білім беру саласы:	«Таным»	
Бөлімі:	«Математика негіздері» , «Құрастыру»	
Тақырыбы:	Геометриялық пішіндер	
Мақсаты:	Геометриялық пішіндерді атай білу, пішіндерді сипап сезу арқылы, түсіне қарай ажырата алу	
Күтілетін нәтиже:	Геометриялық пішіндерді атай біледі, пішіндерді сипап сезу арқылы, түсіне қарай ажырата алады.	
Қолданылатын әдіс- тәсілдер:	«Миға шабуыл» әдісі, «Бағдаршам» әдісі, сұрақ-жауап әдісі, практикалық тапсырмалар.	
Жоспарлау		
ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
Кіріспе бөлім 2 минут	Күнделікті шаралар: Балаларды сабаққа дайындау, үш топқа бөлу	

<p>3 минут</p>	<p>Ширату жаттығулары: Балалар шеңберге тұрады. «Миға шабуыл» әдісі бойынша сұрақтар: -Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? – Топтың ішінде геометриялық пішінерге ұқсас заттар бар ма? -Геометриялық пішіндерден қандай заттар құрастыруға болады?</p>	
<p>Негізгі бөлім 10 минут</p>	<p>1 тапсырма: Құрылымдалған ойын «Пішіндерді тап» 4 К моделі , Саралаудың жылдамдық, қарқын, уақыт тәсілі. Геометриялық пішіндерді атап, түстерін ажырату, топпен жұмыс ,ресурстар таратылып, балалар тапсырманы уақытында аяқтауға тырысады. 1 - топ: Берілген ресурстарға қарап , пішіндердің атауын атау 2- топ: Денъеш блоктары арқылы ұстап көріп , пішіндерді атап береді 3- топ: «Түрлі түсті пицца» көрнекілігі бойынша пішіндердің түстерін ажыратады</p> <p>Кері байланыс: «Бағдаршам» әдісі бойынша бала үнін тыңдау. Жасыл түс - пішіндердің атауын атай алдым, түстерін ажырата алдым Сары түс - пішіндердің атауын атай алдым , бірақ түстерін ажырата алмадым Қызыл түс- пішіндердің атауын атай алмадым, түстерін ажырата білмедім.</p>	

	<p>2 тапсырма: Еркін ойын «Кім тапқыр?» 4К моделі, Саралаудың нәтиже, ресурс тәсілі бойынша топпен жұмыс жасап балалар бір - бірімен тілдік қарым- қатынасқа түседі. Балаларға дайын ресурстар таратылады, пішіндерден әр түрлі заттар құрастырады.</p> <p>Кері байланыс: «Смайликтер» Бала үнін тыңдау — пішіндерден түрлі заттар құрастыра алдым</p> <p>— пішіндерді ажырата алдым, бірақ түрлі заттар құрастыра алмадым</p> <p>— пішіндерді ажырата алмадым, түрлі заттар құрастыра білмедім</p> <p>Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін- еркін тыныста. Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қарада, Үшбұрыш сыз ауаға. Сол қол қарап тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын.</p>	
--	--	--

<p>Қорытынды бөлім 5 минут</p>	<p>3 тапсырма: Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын «Кім зерек?» 4К моделі, саралаудың қарқын, жылдамдық, уақыт тәсілі бойынша жұмбақтар жасырып, шешуін тез табу.</p> <p>Пішіндер туралы жұмбақтар, Атына сай балалар. Үш бұрыш , үш жағы бар, Ол пішінді кім табар?</p> <p>Допқа өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар Атын оның атаңдар?</p> <p>Бөлініп ап екіге, Отырған сәт шетінде Қандай бұрыш ұқсайды, Үстелдердің бетіне?</p> <p>Пішін бар бір ерекше, Жұмыртқаға ұқсайтын, Атап көрші бұл қандай Пішін екен балақай?</p> <p>Кері байланыс: «Сұрақ- жауап» әдісі. — Пішіндердің қандай түрлерімен таныстыңдар? — Пішіндерден қандай заттар құрастыруға болады екен?</p>	
--	---	--

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.